



**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
Басқармасының қаулыларына зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 3 тамыздағы № 115 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 10 тамызда № 39530 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі Басқармасының зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі
Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі
Басқармасының
2026 жылғы 3 тамыздағы
№ 115
қаулысымен бекітілген

Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша қаулыларының тізбесі

1. "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы № 31 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32668 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 47-бабының 1 және 3-тармақтарына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс) 47-бабының 1 және 3-тармақтарына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66 және 73-баптарына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру талаптары мен тәртібін және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда қолданылатын ұғымдар Әлеуметтік кодексінде және Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде және "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" және Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңында көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат тиісті нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "цифрлық үкіметтің" операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.";

5-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қосылу жүзеге асырылатын Қордың бағдарламалық-техникалық құралдарының және цифрлық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету шаралары туралы мәліметтерді;"

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қосылу жүзеге асырылатын Қордың бағдарламалық-техникалық құралдарының және цифрлық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қайта ұйымдастыру жоспарында көзделген шаралардың жеткіліктілігін;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті органның хат-хабарды қабылдау және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтінішхат түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты уәкілетті органның бөлімшесіне (бұдан әрі - жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады. Қор жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтінішхатты қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішхатты тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған және (немесе) мерзімі аяқталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішхатты одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және Қорға жолдайды.

Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган оларды Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Қор ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру немесе рұқсат

беруден бас тарту туралы қаулы жобасын (бұдан әрі - мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі) дайындайды және уәкілетті органның Басқармасына қарауға шығарады, оны 41 (қырық бір) жұмыс күні ішінде тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде тыңдау өткізілмейді.

Жауапты бөлімшенің қызметкері қол қойғаннан кейін 4 (төрт) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Қорға "жеке кабинетке" жолдайды.

Уәкілетті орган Басқармасының қаулысымен ресімделген Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы шешім оны Қор алған күннен бастап күшіне енеді."

;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесінде автоматты режимде жаңартылып тұрады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның басшысына жіберілетін шағымда мыналар:

1) шағымды қарайтын органның атауы;

2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде), пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ол болған кезде);

3) жеке тұлғаның нақты тұратын және заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы;

4) әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы;

5) әкімшілік рәсімге қатысушы өз талаптарын және дәлелдерін негіздейтін мән-жайлар;

6) шағым беру күні;

7) әкімшілік рәсімге қатысушының қолы не электрондық цифрлық қолтаңбасы;

8) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Шағымның қабылданғаны бірегей нөмірі, қабылданған күні мен уақыты, сондай-ақ жолданымды қабылдаған тұлғаның аты-жөні мен лауазымы көрсетілген талонның берілуімен расталады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Іс-шаралар жоспарында:

1) Қорлардың арасындағы ақпарат алмасу тәртібі;

2) қосылу жүзеге асырылатын Қордың цифрлық жүйесінің дерекқорында қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) ерікті зейнетақы жарналарының

салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашу және салымшылардың (алушылардың) осы жеке зейнетақы шоттарына зейнетақы жинақтарын есепке жазу;

3) қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) цифрлық жүйесінің дерекқорында ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) жабуы;

4) қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын есепке қоюы;

5) қосылу жүзеге асырылатын Қордың ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау кезеңінде алынған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бойынша қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) міндеттемелерін орындауы;

6) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу мақсатында Қорлардың бағдарламалық- техникалық құралдарының және цифрлық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

7) қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) қосылу жүзеге асырылатын Қорға құжаттар мен ақпараттарды қағаз және электрондық тасымалдағыштарда беруі;

8) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау барысында қосылу жүзеге асырылатын Қордың қосылатын Қормен (қосылатын Қорлармен), қосылу жүзеге асырылатын Қордың кастодиан банкімен, қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) кастодиан банкімен (кастодиан бантерімен), инвестициялық портфельді басқарушымен (осындай бар болса) өзара әрекеттесуін болжайтын басқа да іс-шараларды қоса ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қосылатын Қордың (қосылатын Қорлардың) беруін және қосылу жүзеге асырылатын Қордың қабылдауын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды өткізу (іске асыру) тәртібі көзделеді.";

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйенің дерекқорында Қағидалардың 21-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары салымшыларына (алушыларына) жеке зейнетақы шоттарын ашады;"

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қосылатын Қор (қосылатын Қорлар) қосылу жүзеге асырылатын Қордың ұсынған ақпараты негізінде, цифрлық жүйенің дерекқорында Қағидалардың 21-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын жабуды жүзеге асырады.";

1-қосымша зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі Басқармасының қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде немесе мәжбүрлеп таратуды жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 48 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32834 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде немесе мәжбүрлеп таратуды жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті немесе мәжбүрлеп тарату, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 49-бабының 2-тармағына және 51-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті немесе мәжбүрлеп тарату, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру тәртібін айқындайды."

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң), "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған мәндерде қолданылады.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат тиісті нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсына орналастырылады, "цифрлық үкіметтің" операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қор акционерлерінің жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қор уәкілетті органға Қорды ерікті тарату туралы хабарлайды.

Қор акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударған және Қағидалардың 12-тармағында көзделген мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы уәкілетті органға Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы өтінішхатпен (бұдан әрі – өтінішхат) жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздерді, мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтерді қамтитын "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қойылатын негізгі талаптар тізбесі Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

Қор өтінішхатты "жеке кабинетке" портал арқылы жіберген кезде нәтижені алу күні мен уақытын көрсете отырып мемлекеттік қызметтер көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе автоматты түрде көрінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Уәкілетті органның хат-хабарды қабылдау және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтінішхат түскен күні оны қабылдау және тіркеуді және орындау үшін уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін жауапты бөлімшесіне (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады. Қор жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құжаттарды қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері өтінішхатты тіркеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданылу мерзімінің өткені анықталған жағдайда, жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішхатты одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және Қорға жібереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган оларды Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Қор ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы қаулының жобасын (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) дайындайды және уәкілетті орган Басқармасының қарауына шығарады, оны тіркеуді 41 (қырық бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде тыңдау өткізілмейді.

Жауапты бөлімшенің қызметкері қол қойылғаннан кейін 4 (төрт) жұмыс күні ішінде көрсетілетін уәкілетті органның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Қордың "жеке кабинетіне" жібереді.

Уәкілетті органның Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешімі Тізбенің 3-тармағында көзделген мерзім шегінде оны қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қордың басшы қызметкерлеріне және акционерлеріне жіберіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік және әлеуметтік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды уәкілетті органның басшысы, мемлекеттік және әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым уәкілетті органға, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы шағымды шағым қарайтын органға жібереді.

Уәкілетті органның атына келіп түскен Қордың шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағым қарайтын органның атына келіп түскен Қордың шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Әлеуметтік кодексте өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

19. Уәкілетті органның басшысына жіберілетін шағымда:

1) шағымды қарайтын органның атауы;

2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса), пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы;

3) жеке тұлғаның нақты тұратын мекенжайы және заңды тұлғаның орналасқан жері;

4) әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы, әкімшілік актісі;

5) әкімшілік рәсімге қатысушы өзінің талаптары мен дәлелдерін негіздейтін мән-жайлар;

6) шағым берілген күн;

7) әкімшілік рәсімге қатысушының қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы;

8) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтерді қамтиды.

Шағымның қабылданғаны бірегей нөмірі, қабылданған күні мен уақыты, сондай-ақ өтінішті қабылдаған тұлғаның аты-жөні мен лауазымы көрсетілген талонның берілуімен расталады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Іс-шаралар жоспарында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру бойынша іс-шаралар, оларды орындау мерзімі және орындауға жауапты адамдар, Қордың (Қордың тарату комиссиясының) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беретін құжаттар мен ақпараттар тізбесі көрсетіледі.

Іс-шаралар жоспарында:

1) Қор (Қордың тарату комиссиясы) мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының арасындағы ақпарат алмасу тәртібі;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесінің дерекқорында Қордың ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларына (алушыларына) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жеке зейнетақы шоттарын ашу және салымшылардың (алушылардың) осы жеке зейнетақы шоттарына зейнетақы жинақтарын аудару.

Егер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшысында (алушысында) ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бұрын ашылған жеке зейнетақы шоты бар болса, онда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жаңа жеке зейнетақы шотын ашуды жүргізбейді, салушының (алушының) зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бұрын ашылған жеке зейнетақы шотына есепке алуды жүзеге асырады;

3) Қордың (Қордың тарату комиссиясының) Қордың цифрлық жүйесінің дерекқорында Қордың ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын жабуы;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қордың зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының есебіне тұруы;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдауы кезеңінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қабылдаған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштер бойынша Қор міндеттемелерін орындауы;

6) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және Қордың бағдарламалық-техникалық құралдарының және цифрлық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету;

7) Қордың (Қордың тарату комиссиясының) және инвестициялық портфельді басқарушының (осындай бар болса) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына құжаттар мен ақпараттарды қағаз және электрондық тасымалдағыштармен беруі;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау барысында Қормен (Қордың тарату комиссиясымен), бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкімен, Қордың кастодиан банкімен, инвестициялық портфельді басқарушымен (осындай бар болса) өзара әрекеттесу бойынша іс-шаралармен қоса, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін Қордың (Қордың тарату комиссиясының) беруін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қабылдауын қамтамасыз ету үшін қажетті іс-шараларды өткізу (іске асыру) тәртібі көзделеді.";

31-тармақтың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйенің дерекқорында Қағидалардың 30-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарын ашады;"

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Қор (Қордың тарату комиссиясы) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынған ақпарат негізінде, цифрлық жүйенің дерекқорында салымшылардың (алушылардың) Қағидалардың 30-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жеке зейнетақы шоттарын жабады.";

1-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32801 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілді:

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарын есепке алу қағидаларында:

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сәйкестендірілмеген салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) деректемелерін салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) БЖЗҚ цифрлық жүйесіндегі деректемелерімен фонетикалық іздеу (айтылуы бойынша ұқсас), сондай-ақ тектерін, аттарын және әкелерінің аттарын қазақ және орыс тілдерінде жазған кезде транслитерация белгісін ескере отырып, салыстырып тексеру жүргізіледі;"

4. "Резервтік қорларды қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, шартты зейнетақы міндеттемелерін есепке алу және қалыптастыру қағидаларын, резервтік қорларды есептеу әдістемесі мен құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 52 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32815 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Резервтік қорларды қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, шартты зейнетақы міндеттемелерін есепке алу және қалыптастыру қағидаларында, резервтік қорларды есептеу әдістемесі мен құрылымында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Резервтік қорларды қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, шартты зейнетақы міндеттемелерін есепке алу және қалыптастыру қағидалары, резервтік қорларды есептеу әдістемесі мен құрылымы (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 57-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес әзірленді және шартты зейнетақы міндеттемелерін жеке тұлғалардың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы (бұдан әрі – БЖЗҚ) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған (бұдан әрі – жеке тұлғалар) шартты зейнетақы шоттарында есепке алуды жүргізу және қалыптастыру, резервтік қорларды қалыптастыру және пайдалану тәртібін, сондай-ақ резервтік қорларды есептеу әдістемесі мен құрылымын айқындайды.";

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болғаны туралы құжаттарды және (немесе) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінен қайтыс болғаны туралы және (немесе) оның жеке басын куәландыратын құжаттың жарамсыздығы туралы растайтын мәліметтерді не шетел азаматы Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі алынған жағдайда, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетуіне не шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсатының күшінің жойылуына не Кодекстің 222-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың соңғы күнінде Кодекстің 222-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқықтарды іске асыру сәтіне дейін алған жағдайда, шартты зейнетақы шоттарынан қаражат аудару есебінен қалыптастырылады. Бұл тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарынан есепке жатқызу олар зейнет жасының жас когортасына жеткен жылы жүзеге асырылмайды;"

21-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

5) Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болғаны туралы құжаттарды және (немесе) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінен қайтыс болғаны туралы және (немесе) оның жеке басын куәландыратын құжаттың жарамсыздығы туралы растайтын мәліметтерді не шетел азаматы Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі алынған жағдайда, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кетуіне не шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсатының күшінің жойылуына не Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, жеке

тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына байланысты, зейнеткерлік жасқа толған жылы Кодекстің 222-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес зейнетақы төлемдеріне құқықтарды іске асыру сәтіне дейін алған жағдайда, шартты зейнетақы шоттарынан қаражат аудару есебінен қалыптастырылады."

5. "Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33017 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу үшін цифрлық жүйелерге қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу үшін цифрлық жүйелерге қойылатын талаптар осы қаулыға 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

Көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған цифрлық жүйелерге қойылатын талаптар тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорын қайта ұйымдастыруды
жүргізуге рұқсат беру
және ерікті зейнетақы
жарналары есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру
туралы шарттар бойынша
қосылатын ерікті жинақтаушы
зейнетақы қорының зейнетақы
активтері
мен міндеттемелерін қайта
ұйымдастырылған
ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына
беру
қағидаларына
1 -қосымша

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы өтінішхат

(Қордың атауы)

Қор акционерлерінің _____ жылғы " ____ " _____ жалпы жиналысының
№ ____ шешіміне сәйкес

(өткізу орны)
Қорды мынадай

(кайта ұйымдастырылатын Қордың атауы)
кайта ұйымдастыруға рұқсат беруді сұрайды.

Қор өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толық жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілетін құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек):

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өндеуге және цифрлық жүйелерде қамтылатын заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы (ол болмаған жағдайда берілген өкілеттілігін растайтын құжатты қоса берумен қол қоюға уәкілеттілік берілген адам) не Қор акционерлерінен уәкілетті адам (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), аталған өкілеттіктерді алуға негіз болып табылатын құжатқа сілтеме):

(тегі, аты, әкесінің аты (ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

(қолы)

Күні _____ ж. " _____ " _____

Тізбеге 2-қосымша
Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын
кайта
ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру
және ерікті зейнетақы жарналары
есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы
шарттар
бойынша қосылатын ерікті
жинақтаушы
зейнетақы қорының зейнетақы
активтері
мен міндеттемелерін кайта
ұйымдастырылған
ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына
беру
қағидаларына
2 -қосымша

"Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы		Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәсілдері	www.elicense.kz (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры порталған құжаттардың толық топтамасын берген күннен бастап 50 жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған).
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру не уәкілетті орган Басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса бере отырып, осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін берудің нысаны: электрондық.
6.	Мемлекеттік қызметі көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
7.	Жұмыс кестесі	1) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті

		алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі (басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары) қосылу жүзеге асырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынады): 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанында ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру жүргізуге рұқсат алу туралы өтінішхат; 2) қосылу жүзеге асырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі, қосылу жүзеге асырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары) акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының шешімі, сондай-ақ қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары) акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі. Қосылу жүзеге асырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының және қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары) акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының шешімі қосылу нысанында қайта ұйымдастыруға қатысушылардың әрбіреуінің атауы, орналасқан жері туралы, қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының (қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының) акцияларын сату

		бағасы, қосылу жүзеге асырылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын орналастыру (сату) бағасы туралы мәліметтерді, қосылудың өзге талаптары мен тәртібін қамтиды; 3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қайта ұйымдастырудың болжамды талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін құжаттар; 4) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының оны қайта ұйымдастырудан кейінгі есептік балансын қоса алғанда, қайта ұйымдастыру салдарларының қаржылық болжамы. Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінің 2) (құжаттың электрондық көшірмесі түрінде), 3) және 4) (электрондық құжаттар түрінде) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұратуға қоса беріледі.
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер	Мыналар: 1) болжанып отырған қайта ұйымдастырудың нәтижесінде салымшылардың (алушылардың) мүдделерінің бұзылуы; 2) болжанып отырған қайта ұйымдастырудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы ; 3) уәкілетті органның қайта ұйымдастыруға рұқсатын алу үшін ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуға негіз болып табылады.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми

10.	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар	интернет-ресурсында орналастырылған. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Порталда іркілістер не техникалық ақаулар анықталған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына хабарласу қажет. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414. Цифрлық жүйеде іркіліс болған жағдайда уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторына (бұдан әрі – оператор) хабарлайды. Бұл жағдайда оператор көрсетілген мерзімнің ішінде техникалық проблема туралы хаттама құрады және оған уәкілетті органмен қол қояды. "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.
-----	--	---

Тізбеге 3-қосымша

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті немесе мәжбүрлеп таратуды жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны ерікті түрде қайтару туралы өтініш

(қордың атауы)

Қор акционерлерінің жалпы жиналысының _____ жылғы " ____ " _____ № шешіміне сәйкес,

(өткізілетін орны)

(қордың атауы)

ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияны қайтаруды жүзеге асыруды сұрайды.

Қор өтінішке қоса берілетін құжаттар мен ақпараттардың дұрыстығына, сондай-ақ уәкілетті органға өтінішті қарауға байланысты сұратылған қосымша ақпараттар мен құжаттардың уақтылы ұсынылуына толық жауап береді.

Қоса берілетін құжаттар (жіберілетін құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша даналар мен парақтардың санын көрсету): _____

Мен мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және цифрлық жүйелерде қолданылатын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы (ол болмаған жағдайда, осы өкілеттігін растайтын құжатты қоса бере отырып, қол қоюға уәкілетті тұлға).

(тегі, аты, әкесінің аты (ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы (қолы))

Күні " ____ " _____ ж.

Тізбеге 4-қосымша

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту
құқығымен инвестициялық портфельді
басқаруға
арналған лицензияны ерікті түрде
қайтару,
ерікті жинақтаушы зейнетақы
қорларын ерікті
немесе мәжбүрлеп таратуды жүргізу,

сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары
есебінен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы
шарттар
бойынша зейнетақы активтері мен
міндеттемелерін
беру қағидаларына
1-қосымша

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті таратуға рұқсат алу туралы өтінішхаты

(Қордың атауы)

Қордың акционерлерінің жалпы жиналысының " ____ " _____ ЖЫЛҒЫ

№ _____ шешіміне сәйкес

(өткізу орны)

Қорды

(Қордың атауы)

ерікті таратылуына рұқсат беруді сұрайды

Қор өтінішхатқа қоса берілетін құжаттар мен ақпараттың дұрыс болуына, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпарат пен құжаттардың уәкілетті органға уақтылы ұсынылуына толық жауап береді.

Қоса беріліп отырған құжаттар (жіберілетін құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша даналар мен парақтар санын көрсету): _____

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы (ол болмаған кезде осы өкілеттікті растайтын құжатты қоса бере отырып, қол қоюға уәкілетті тұлға).

(тегі, аты, әкесінің аты (ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы (қолы))

Күні _____ ж. " ____ " _____

Тізбеге 5-қосымша
Ерікті зейнетақы жарналарын тарту
құқығымен
инвестициялық портфельді басқаруға
арналған
лицензияны ерікті түрде қайтару, ерікті
жинақтаушы

зейнетақы қорларын ерікті немесе
мәжбүрлеп таратуды жүргізу,
сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары
есебінен зейнетақымен қамсыздандыру
туралы шарттар
бойынша зейнетақы активтері мен
міндеттемелерін беру
қағидаларына
3-қосымша

"Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы		Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	www.elicense.kz (бұдан әрі - портал).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры порталға құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап 50 (елу) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған).
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру не уәкілетті орган Басқармасының тиісті қаулысының көшірмесін қоса бере отырып осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
		1) уәкілетті органның – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке

7.	Жұмыс кестесі	күндерінен басқа күндері, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Кодекске сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: 1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы өтінішхат; 2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлері жалпы жиналысының оны ерікті түрде тарату туралы шешім; 3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензияның және бағалы қағаздар нарығында қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың болмауын растайтын құжаттар: ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметтің тиісті түрлері бойынша міндеттемелерінің болмауы туралы, сондай-ақ қызметтің көрсетілген түрлері бойынша қолданыстағы шарттардың болмауы туралы хаты ;

8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-өткізу актісі (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкінің және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелін басқарушының бірінші басшылары (ол болған кезде) немесе олардың орындарындағы адамдар қол қойған); ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бухгалтерлік балансы және оған ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шартында көзделген міндеттемелердің болмауы туралы куәландырушы түсіндірме жазба. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар (құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысының не онын орнындағы электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұратуға қоса беріледі. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхаты мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бағалы қағаздар нарығында лицензияланатын қызмет түрлері бойынша міндеттемелерінің және қолданыстағы шарттарының болмауын растайтын құжаттарға ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы не оның орнындағы адам қол қояды.
		Мыналар мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер:

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі; 2) лицензияланатын қызмет түрлері бойынша міндеттемелер мен қолданыстағы шарттардың болуы; 3) көрсетілетін қызметті алушының барлық кредиторының талаптарын қанағаттандыру үшін қаржының жеткіліксіздігі.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы ақпарат алуға мүмкіндігі бар. Порталда іркілістер не техникалық ақаулар анықталған жағдайда мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығына хабарласу қажет. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777 немесе 1414. Цифрлық жүйеде іркіліс болған жағдайда, уәкілетті орган бір жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" платформасының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді. Мұндай жағдайда, оператор көрсетілген мерзім ішінде техникалық мәселе туралы хаттаманы жасайды және оны уәкілетті органмен қол қояды. "Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат

	беру" мемлекеттік қызметін көрсету уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.
--	--

Тізбеге 6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі
Басқармасының
2023 жылғы 26 маусымдағы
№ 60 қаулысына
1-қосымша

Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған цифрлық жүйелерге қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған цифрлық жүйелерге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 57-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған цифрлық жүйелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) цифрлық жүйелер – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) цифрлық жүйенің әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйенің техникалық құралдарының жұмыс істеуін, теңшелуін, қолдауын және техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін және ақпараттық процеске аппараттық-бағдарламалық құралдардың көмегімен қатысатын қызметкер;

3) ақпаратты (деректерді, бағдарламалық қамтылымды, ақпараттық хабарларды) ашу – ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу және алынған мәліметтерді ықтимал ашу нәтижесінде орын алатын әрекет;

4) ақпаратты қорғау – цифрландыру саласында киберқауіпсіздікті (бұдан әрі – киберқауіпсіздік) қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені;

5) аутентификациялау – берілген қолжетімділік деректемелерінің жүйедегі деректемелерге сәйкестігін айқындау арқылы қолжетімділік субъектісінің немесе объектісінің түпнұсқалығын растау;

6) зиянды бағдарламалық қамтылым – цифрлық жүйелерге және ақпараттық ресурстарға зиян келтіру мақсатында жасалатын бағдарламалық қамтылым;

7) сәйкестендіргіш – субъектіге және (немесе) объектіге берілген және жүйеге және (немесе) жүйенің ресурстарына регламентпен қол жеткізуге арналған бірегей дербес код немесе атау;

8) сәйкестендіру – жүйеге және (немесе) жүйенің ресурсына қолжетімділікті алу үшін ұсынылған сәйкестендіргіштің жүйеде бар сәйкестендіргіштер тізбесіне сәйкестігін беру немесе айқындау;

9) қауіпсіздік әкімшісі – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйелерді, техникалық құралдарды қорғау жөніндегі шаралардың іске асырылуын, сондай-ақ жүйені қауіпсіздік саясаты шеңберінде ұстап тұруды қамтамасыз ететін қызметкері;

10) қауіпсіздік жүйесі – ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық шаралары мен бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;

11) қауіпсіздік саясаты – таратылуы шектелген ақпаратты басқаруды, қорғауды және таратуды реттейтін, киберқауіпсіздік саласындағы жұмыстың жалпы бағыттарын және цифрлық жүйені қорғауға қойылатын талаптарды айқындайтын нормалар мен практикалық тәсілдер;

12) мамандандырылған ұйым – телекоммуникациялық қызметтерді және деректерді сақтау мен өңдеу қызметтерін көрсететін ұйым;

13) серверлік үй-жай – серверлік, активті және пассивті желілік (телекоммуникациялық) жабдықты (телекоммуникациялық) және құрылымдалған кабельдік жүйелер жабдығын орналастыруға арналған үй-жай.

2-тарау. Зейнетақы активтері мен жинақтарды есепке алуға арналған цифрлық жүйелерге қойылатын талаптар

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен жинақтарды есепке алуға арналған цифрлық жүйелері мыналарды қамтамасыз етеді:

1) ақпаратты сенімді сақтау, рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау, бағдарламалық қамтылымның етудің тұтастығы және электрондық архивтер мен дерекқорлардағы ақпараттың:

электрмен камту кез келген уақытта толық немесе ішінара өшкен;

желілерде, телекоммуникацияларда апат болған, операцияның кез келген сатысында орнатылған физикалық және виртуалды қосылыстар үзілген;

бағдарламалық қамтылымның кез келген функциясы орындалу барысында бағдарламалық қамтылымның кез келген есептеу құралдары толық немесе ішінара істен шыққан;

цифрлық жүйелерде сақталған ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу әрекеті болған кезде толық сақталуы;

2) цифрлық жүйелерде енгізілген деректерге, функцияларға, операцияларға, есептерге қол жеткізудің кемінде екі: әкімші және пайдаланушы деңгейін қамтамасыз ете отырып, көп деңгейлі қолжетімділік;

3) енгізілетін деректердің толықтығын бақылау (функциялар немесе операциялар барлық жол толық толтырылмай орындалған кезде цифрлық жүйе тиісті хабарламаның берілуін қамтамасыз етеді);

4) жеке сұрау салу бойынша және сұрауды сақтай отырып, кез келген өлшемшарттар бойынша ақпаратты іздеу, сондай-ақ ақпаратты кез келген өлшем бойынша сұрыптау және алдыңғы күндердегі ақпаратты қарау мүмкіндігі;

5) ақпаратты күндер бойынша қысқартусыз өңдеу және сақтау;

6) архивтеу мүмкіндігі (архивтен алынған деректерді қалпына келтіру);

7) кіріс және шығыс құжаттарын экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігі.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесі мынадай функционал тізбесін қамтиды:

1) зейнетақы жинақтары мен шартты зейнетақы міндеттемелерінің дербестендірілген есебі;

2) есептілікті қалыптастыру;

3) сыртқы пайдаланушылармен өзара іс-қимыл;

4) ішкі аудит;

5) әкімшілендіру;

6) анықтамалық ақпаратты жүргізу (оның ішінде Excel-ге жүктей отырып).

Зейнетақы жинақтары мен шартты зейнетақы міндеттемелерінің дербестендірілген есебін қамтамасыз етеді:

1) мына:

міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының), өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын алушылардың) (бұдан әрі – салымшылар (алушылар) жеке зейнетақы шоттары бойынша;

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарымен;

1) мына:

міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын алушылардың) (бұдан әрі – салымшылар (алушылар) жеке зейнетақы шоттарымен;

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарымен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу;

2) салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына және жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарына түсетін зейнетақы жарналарын, жинақтарды, өсімпұлдарды есепке алу;

3) мына:

инвестициялық портфельді басқарушылар бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы;

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарындағы инвестициялық табысты есепке алу;

4) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерін есепке алу;

5) мына:

басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналары есебінен;

сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының аударымдарын есепке алу;

6) салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын міндетті зейнетақы жарналары есебінен біріктіру арқылы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жүргізген тарихты сақтай отырып, салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарының есебінен жеке зейнетақы шоттарын біріктіру;

7) салымшыларды (алушыларды) бірегей деректемелер (жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және басқа өлшемдер) бойынша сәйкестендіру;

8) төлем құжаттарын қалыптастыру;

9) төлем құжаттарын қалыптастырудың дұрыстығын тексеруді жүзеге асыру;

10) құрамы мен көлемі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Корпорация) арасында жасалған тиісті келісімде айқындалған Корпорациямен деректер алмасу.

Есептілікті қалыптастыру электрондық нысандар, электрондық файлдар түрінде жүзеге асырылады және мыналарды қамтамасыз етеді:

1) есептерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің белгіленген талаптарына сәйкес қалыптастыру;

2) есептіліктегі нысанаралық және нысанішілік бақылау;

3) есептерді қарау және басып шығару (оның ішінде Excel-ге айналдырып).

Сыртқы пайдаланушылармен өзара іс-қимыл:

1) кастодиан банкпен;

2) инвестициялық портфельді басқарушымен (бар болса);

3) сақтандыру ұйымдарымен;

4) "цифрлық үкімет" шлюзі немесе "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы интеграциялау жолымен мемлекеттік органдармен электрондық ақпарат алмасуды жүзеге асыруға арналған.

Ішкі аудит төмендегі атрибуттарды сақтай отырып, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген функционалдарда болып жатқан жүйелік оқиғаларды тіркеуге және сәйкестендіруге арналған:

1) цифрлық жүйені пайдаланушының кіру және шығу күні мен уақытын көрсете отырып, цифрлық жүйені пайдаланушыны аутентификациялау;

2) бизнес-процесті, бизнес-процесті орындау нәтижесін сәйкестендіру.

Ішкі аудит мыналарды қамтамасыз етеді:

1) жүйелік оқиғалар аудитінің электрондық журналын қарау және файлда сақтау;

2) цифрлық жүйенің аудит жазбаларын архивтің жазбаларын қалпына келтіру мүмкіндігімен архивке көшіру;

3) мына оқиғаларға аудит жүргізу мүмкіндігі:

жазбаны қосу, өзгерту, жою;

анықтамалықтарды жүргізу;

пайдаланушылардың шығыс нысандарын қалыптастыру;

4) әкімшінің әрбір пайдаланушы бойынша және (немесе) тұтастай цифрлық жүйе бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген функционалдық мүмкіндіктерде болып жатқан оқиғаларды қадағалау мүмкіндігі;

5) оқиғаларды мына:

аудиттелетін оқиғаның атауы;

аудиттелетін оқиғаны бастаған пайдаланушының аты;

орналасқан жері;

оқиға уақыты туралы мәліметтер қамтылатын тіркеу журналдарында тіркеу.

Әкімшілендіру мыналарды қамтамасыз етеді:

1) жүйеде пайдаланушыларды тіркеу, өзгерту және бұғаттау;

2) жүйені әкімшілендіру;

3) пайдаланушылардың жүйенің функцияларына қол жеткізу құқықтарын басқару;

4) парольдің күрделілігін бақылауды автоматтандыру;

5) пайдаланушылардың жүйенің дерекқорына белсенді қосылуын бақылау;

6) жүйенің жұмыс істеу өлшемдерін теңшеу.

5. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесі функционалдың мынадай тізбесін қамтиды:

1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу ;

2) есептілікті қалыптастыру;

3) сыртқы пайдаланушылармен өзара іс-қимыл;

4) ішкі аудит;

5) әкімшілендіру;

6) анықтамалық ақпаратты жүргізу (Excel бағдарламасына түсірумен).

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу мыналарды қамтамасыз етеді:

1) мына:

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды;

ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарына түсетін зейнетақы жарналарын, жинақтарын, өсімпұлдарды;

ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарындағы инвестициялық кірісті;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерін;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударымдарды дербес есепке алуды жүргізу;

2) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарымен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу;

3) төлем құжаттарын қалыптастыру;

4) төлем құжаттарын қалыптастырудың дұрыстығын тексеруді жүзеге асыру;

5) ерікті зейнетақы жарналарының салымшыларын (алушыларын) бірегей деректемелер (шарттың нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және басқа да өлшемдер бойынша) бойынша идентификаттау).

Есептілікті қалыптастыру электрондық нысандар, электрондық файлдар түрінде жүзеге асырылады және:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің белгіленген талаптарына сәйкес есептерді қалыптастыруды;

2) есептіліктегі формааралық және формаішілік бақылауды;

3) есептерді қарауды және басып шығаруды (оның ішінде Excel-ге айналдыру) қамтамасыз етеді.

Сыртқы пайдаланушылармен өзара іс-қимыл:

1) кастодиан-банкпен;

2) инвестициялық портфельді басқарушымен (бар болса);

3) сақтандыру ұйымдарымен;

4) "цифрлық үкімет" шлюзі немесе "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы ықпалдастыру жолымен мемлекеттік органдармен электрондық ақпараттық алмасуды жүзеге асыруға арналған.

Ішкі аудит мынадай атрибуттарды сақтай отырып, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген функционалдарда болып жатқан жүйелік оқиғаларды тіркеуге және идентификаттауға арналған:

1) цифрлық жүйені пайдаланушының кіру және шығу күні мен уақытын көрсете отырып, цифрлық жүйені пайдаланушыны аутентификаттау;

2) бизнес-процесті, бизнес-процесті орындау нәтижесін идентификаттау.

Ішкі аудит:

1) жүйелік оқиғалар аудитінің электрондық журналын қарауды және файлға сақтауды;

2) архивтік жазбаларды қалпына келтіру мүмкіндігімен цифрлық жүйенің аудит жазбаларын архивке көшіруді;

3) мынадай оқиғаларға аудит жүргізу мүмкіндігін:

жазбаны қосу, өзгерту, жою;

анықтамалықтарды жүргізу;

пайдаланушылардың шығыс нысандарын қалыптастыру;

4) әкімшінің осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген функционалдарда болып жатқан оқиғаларды әрбір пайдаланушы бойынша және (немесе) тұтастай цифрлық жүйе бойынша қадағалау мүмкіндігін;

5) мынадай:

аудит жүргізілетін оқиғаның атауы;

аудит жүргізілетін оқиғаны бастаған пайдаланушының аты;

орналасқан жері;

оқиға уақыты сияқты мәліметтерді қамтитын тіркеу журналдарындағы оқиғаларды тіркеуді қамтамасыз етеді.

Әкімшілендіру:

1) жүйеде пайдаланушыларды тіркеуді, өзгертуді және бұғаттауды;

2) жүйені әкімшілендіруді;

3) пайдаланушылардың жүйе функцияларына қол жеткізу құқықтарын басқаруды;

4) құпиясөздің күрделілігін бақылауды автоматтандыруды;

5) пайдаланушылардың жүйенің дерекқорына белсенді қосылуын бақылауды;

6) жүйенің жұмыс істеу өлшемдерін реттеуді қамтамасыз етеді.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесіне қолжетімділікті ұсыну бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарымен айқындалады.

7. Міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырған кезде:

1) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен әрбір зейнетақы төлемдерін алушы бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы

жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің сомасын есептеу;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің тиесілі сомасынан табыс салығын ұстау;

3) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен берілген күнге және (немесе) берілген уақыт аралығына зейнетақы төлемдерін болжау функцияларының орындалуы қамтамасыз етіледі.

8. Цифрлық жүйелерде жалпы жүйенің функционалдық сипаттамаларын жақсартатын қосымша функциялар мен міндеттерді іске асыруға рұқсат беріледі.

9. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесін әзірлеу, енгізу және ілеспе қызметін көрсету процесі бағдарламалық қамтылымды әзірлеу, өзгерістер енгізу тәртібі, қабылдау, тестілеу, пайдалануға беру және ілеспе қызметін көрсету кезеңдерінің, жұмыстың барлық кезеңдерін құжаттандыруға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламалық қамтылымды және (немесе) цифрлық жүйесіндегі ақпаратты рұқсатсыз өзгертуге жол бермеу мақсатында жұмыс істейтін функционалда өзгерістер енгізу, жана функционалды әзірлеу, жүйені енгізу және пайдалануға беру бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі шешімімен бекітілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының даму корпоративтік стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

10. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық технологиясы инфрақұрылымын құру және киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

- 1) серверлік үй-жайға;
- 2) техникалық құралдарға;
- 3) байланыс құралдарына;
- 4) пайдаланушылардың жұмыс орындарына;

5) бағдарламалық құралдарға қойылатын тиісті талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

11. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының серверлік үй-жайы мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) үй-жай ғимараттардың бірінші немесе соңғы қабаттарында орналасқан жағдайда үй-жайдың терезелері металл торкөздермен немесе үй-жайға біреудің кіруін болдырмау үшін ұқсас қорғау құралдарымен жабдықталады;

2) арнайы бөлінген кіруі шектеулі үй-жайдың болуы;

3) нақты уақыт режимінде үй-жайға кіру оқиғаларын мониторингтеуді жүзеге асыру және үй-жайға кіру оқиғалары туралы есепті алу мүмкіндігімен электрондық журналда үй-жайға кіру оқиғаларын жазу үшін кіруді бақылау жүйесінің (жеке электрондық рұқсатнама) болуы;

4) бейнебақылау жүйесінің болуы (бейнесигналдарды жазу мүмкіндігі бар нақты уақыт режимінде);

5) күзет сигнализациясы жүйесінің болуы;

6) бүкіл жабдықтың өндіруші көрсеткен температураға дейін жылдың кез келген мезгілінде неғұрлым көп жүктелген кезде салқындатуға жеткілікті берілген температура мен ылғалдылықты автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің болуы;

7) өрт сигнализациясы жүйесінің және газбен автоматты өрт сөндіру жабдығының болуы;

8) кепілді электр қуаты жүйесінің – екі үздіксіз электр қуаты көзінің сигналынан жұмыс істейтін және таза электр қуаты желісінде электр қуатын үздіксіз қамтамасыз ететін резервті автоматты түрде қосу қалқаны, дизельді генератор қондырғысының болуы.

Мамандандырылған ұйымдардың деректерді өңдеу орталығының үй-жайын, сондай-ақ қажетті техникалық құралдарды жалдаған жағдайда меншікті серверлік үй-жайларға және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының техникалық құралдарына қойылатын талаптарға сәйкес келуі қажет.

12. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының техникалық құралдары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) меншікті аппараттық қамтамасыз етудің (компьютерлік жабдық, серверлер, аппараттық қорғау құралдары, жиынтық және басқа жабдық) болуы, аппараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына тиістілігін немесе мамандандырылған ұйымнан жалдауды растайтын құжаттардың болуы;

2) қолданыстағы жабдыққа өндіруші немесе өнім беруші беретін сәйкестік сертификатының болуы.

13. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банктермен, инвестициялық портфельді басқарушымен (бар болса), мемлекеттік органдармен деректермен алмасу бойынша байланыс құралдары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) жіберілетін және алынатын ақпараттың толық көлемін қамтамасыз ететін негізгі арнаның болуы;

2) жіберілетін және алынатын ақпараттың толық көлемін қамтамасыз ететін резервтік арнаның болуы;

3) нақты бөлінген арналар әр түрлі провайдерлерден болуы.

14. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесін пайдаланушылардың жұмыс орны мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының үй-жайларын техникалық қорғау құралдары орынның жұмысына жіберілмеген адамдардың осы үй-жайға бақылаусыз кіру мүмкіндігін көздейді. Үй жайға және жұмыс орнына жіберу Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің регламентіне және тиісті міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады;

2) барлық аппараттық құралдардың кепілдік мерзімі (кепілдік талоны) болады және (немесе) мамандандырылған ұйымның техникалық деңгейінде болады және (немесе) аппараттық құралдар істен шыққан жағдайда оларды жедел ауыстыру мүмкіндігі болады;

3) желі және деректерді берудің өзге де техникалық арналары арқылы пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізу тәртібі рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігін болдырмайды;

4) ақпарат алмасу, ақпаратты сақтау, мұрағаттау не басқа да өңдеу шеңберінде беру үшін оларда ақпарат жинақтау үшін бөлінген ресурстарға (желілік (серверлік) жабдыққа, дискілік кеңістікке, каталогтарға, желілік ресурстарға, деректер базасына) қол жеткізу тәртібі олармен жұмыс істеуге жіберілмеген адамдардың осы ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін болдырмайды;

5) пайдаланушының жұмыс орны жергілікті желіде (LAN) орналастырылады;

6) пайдаланушы компьютерінің ақпаратын оқу (жазу немесе көшіру) порттарына кіру, оның ішінде негізгі Енгізу-шығару жүйесінің параметрлерінде де өшірілген;

7) Пайдаланушының дербес компьютерінің жүйелік блогын қауіпсіздік әкімшісі мөрлейді немесе пломбалайды;

8) пайдаланушының жұмыс орнына рұқсатсыз кіруден қорғау құралдарының параметрлерін орнату және өзгерту жөніндегі құқықтар әкімші функцияларын орындайтын пайдаланушыларға ғана беріледі;

9) пайдаланушы сәйкестендірілетін пайдаланушының бір жүйелік атауы бір жеке тұлғаға сәйкес келеді;

10) пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізуді қамтамасыз ететін техникалық құралдарды, парольдерді немесе басқа ақпаратты сақтау және пайдалану тәртібі оларды рұқсатсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмайды;

11) пайдаланушының жұмыс орны үшін желілік ресурстарға қол жеткізу цифрлық жүйенің қорғалған ішкі желісі шегінде шектеледі;

12) пайдаланушының резервтік жұмыс орны болған кезде талаптарда белгіленген шарттар мен талаптар да осындай жұмыс орнына қолданылады.

15. Пайдаланушылардың жұмыс орындарында қолданылатын бағдарламалық құралдар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) тек лицензияланған бағдарламалық қамтылым пайдаланылады;

2) пайдаланушының жұмыс орнында оның лауазымдық міндеттерін орындау үшін талап етілмейтін бағдарламалық құралдарды орнатуға жол берілмейді;

3) пайдаланушының жұмыс орнында пайдаланушыларды сәйкестендіруді және аутентификациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдардың болуы;

4) пайдаланушының жұмыс орнында үнемі жаңартылып отыратын вирусқа қарсы базасы бар лицензиялық вирусқа бағдарламалық қамтылым орнатылады;

5) компьютерге қол жеткізуге және пайдаланушылардың іс-әрекеттеріне байланысты оқиғаларды бақылау мақсатында электрондық құжаттарды сақтау мерзімі ішінде электрондық журналдарды жүргізу мүмкіндігі;

6) бағдарламалық қамтылым паспорты бар дербес компьютерде орнатылады (оның конфигурациясы туралы егжей-тегжейлі деректері бар жұмыс орнының сипаттамасы, сондай-ақ осы жұмыс орнында орнатылған аппараттық және бағдарламалық құралдар);

7) осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген паспорт бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарына сәйкес ресімделеді және қауіпсіздік әкімшісінде сақталады.

4-тарау. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

16. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры киберқауіпсіздікті басқару жүйесін құруды қамтамасыз етеді.

17. Киберқауіпсіздікті басқару жүйесі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бизнес-процестер үшін ықтимал залалдың ең төменгі деңгейін көздейтін аппараттық активтерін қорғауды қамтамасыз етеді.

18. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры киберқауіпсіздікті басқару жүйесінің тиісті деңгейін, оның дамуы мен жақсаруын қамтамасыз етеді.

19. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құжаттамаға мыналар кіреді:

1) киберқауіпсіздік саясаты;

2) қорғауға жататын және оның ішінде қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер туралы ақпаратты (бұдан әрі – қорғалатын ақпарат) қамтитын ақпарат тізбесі;

3) қорғалатын ақпаратпен жұмыс істеу тәртібі;

4) қорғалатын ақпаратты өңдейтін цифрлық жүйелердің тізбесі;

5) қорғалатын ақпаратты өңдейтін цифрлық жүйелерге қол жеткізуді басқару тәртібі ;

6) қорғалатын ақпаратты өңдейтін цифрлық жүйелердің резервтік көшірмелерін резервтік көшіру, сақтау, қалпына келтіру, олардың жұмыс қабілеттілігін тестілеу тәртібі;

7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық инфрақұрылымын вирусқа қарсы қорғауды қамтамасыз ету тәртібі;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында пайдалануға рұқсат етілген бағдарламалық қамтылымның тізбесі;

9) киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің қабылданған шараларының бұзылғанын не киберқауіпсіздікке қатысы бар бұрын белгісіз болған жағдай туралы куәландыратын киберқауіпсіздік жүйелерін қоса алғанда, цифрлық инфрақұрылымның немесе оның жекелеген объектілерінің жұмысында жеке немесе сериялық туындайтын оқиғалардың (бұдан әрі – киберқауіпсіздік оқиғалары) кезеңділігі мен мониторингінің қағидалары;

10) мониторингке жататын киберқауіпсіздік оқиғаларының тізбесі;

11) киберқауіпсіздік оқиғалары көздерінің тізбесі;

12) цифрлық инфрақұрылымның немесе оның жекелеген объектілерінің жұмысында олардың тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) қорғалатын ақпаратты заңсыз алу, көшіру, тарату, өзгерту, жою немесе бұғаттау үшін жағдай туғызатын жеке немесе сериялық түрде туындайтын іркілістерді (бұдан әрі - киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары) өңдеу тәртібі;

13) киберқауіпсіздік оқиғаларын киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына жатқызу тәртібі;

14) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкерлері болып табылмайтын адамдардың қорғалатын ақпаратты өңдейтін цифрлық жүйелерге қол жеткізу тәртібі;

15) Интернет пен электрондық поштаны пайдалану кезінде ақпаратты қорғау тәртібі ;

16) цифрлық жүйелердің жаңартуларын басқару тәртібі.

20. Киберқауіпсіздік саясаты мыналарды анықтайды:

1) киберқауіпсіздікті басқару жүйесін құрудың мақсаттары, міндеттері және негізгі қағидаттары;

2) киберқауіпсіздікті басқару жүйесінің қолданылу саласы;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық активтерінде құрылатын, сақталатын және өңделетін ақпаратқа қол жеткізуді басқаруға қойылатын талаптар;

4) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет мониторингін жүзеге асыруға қойылатын талаптар;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қызметкерлерінің өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді орындау кезінде киберқауіпсіздікті қамтамасыз еткені үшін жауапкершілігі.

21. Цифрлық жүйедегі ақпаратқа қол жеткізу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкерлеріне олардың функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде беріледі.

22. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының цифрлық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну цифрлық жүйені пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарының олардың функционалдық міндеттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін рөлдерді қалыптастыру және енгізу жолымен жүргізіледі. Мұндай рөлдердің жиынтығы электронды түрде немесе қағаз тасымалдағышта қалыптасатын цифрлық жүйеге қол жеткізу матрицасын білдіреді.

23. Цифрлық жүйеге қол жеткізу цифрлық жүйенің пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау арқылы жүзеге асырылады.

Цифрлық жүйе пайдаланушыларын сәйкестендіру және аутентификациялау " есептік жазба (идентификатор) – пароль" жұбын және (немесе) биометриялық және (немесе) криптографиялық және (немесе) аппараттық аутентификацияны енгізу арқылы жүргізіледі.

24. Цифрлық жүйеде тек жеке пайдаланушы есептік жазбалары қолданылады.

25. Технологиялық есептік жазбаларды пайдалану цифрлық жүйеге арналған осындай есептік жазбалардың тізбесіне сәйкес оларды пайдалануға және өзектілігіне дербес жауапты тұлғаларды көрсете отырып жүзеге асырылады.

26. Цифрлық жүйеде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжатымен айқындалатын есептік жазбалар мен парольдерді басқару, сондай-ақ пайдаланушылардың есептік жазбаларын бұғаттау жөніндегі функциялар қолданылады.

27. Цифрлық жүйеде пайдаланушы есептік жазбаларының парольдерін және бұғаттауларын басқару функциясының мынадай өлшемдері қолданылады:

1) парольдің ең аз ұзындығы – бұл өлшемнің мәні кемінде 8 (сегіз) символды құрайды. Парольдің осы өлшемгесәйкестігін тексеру парольді әр ауыстырған кезде жүргізіледі, сәйкес келмеген жағдайда пайдаланушыға хабарлама беріледі;

2) парольдің күрделілігі – парольде кемінде 3 (үш) символдар тобының болуын тексеру мүмкіндігі: кіші әріптер, бас әріптер, цифрлық мәндер, арнайы символдар.

Парольдің осы өлшемге сәйкестігін тексеру парольді әр ауыстырған кезде жүргізіледі, сәйкес келмеген жағдайда пайдаланушыға хабарлама беріледі;

3) парольдің тарихы – жаңа пароль кем дегенде 7 (жеті) алдыңғы парольді қайталамайды. Парольдің осы өлшемге сәйкестігін тексеру парольді әр ауыстырған кезде жүргізіледі, сәйкес келмеген жағдайда пайдаланушыға хабарлама беріледі;

4) парольдің ең аз қолданыс мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні;

5) парольдің ең ұзақ қолданыс мерзімі – күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аспайды. Парольдің осы өлшемге сәйкестігін тексеру цифрлық жүйеге әрбір кірген және парольді ауыстырған кезде жүргізіледі. Парольдің ең ұзақ қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін цифрлық жүйе қол жеткізуді бұғаттайды және парольді міндетті түрде өзгертуді талап етеді;

6) цифрлық жүйеге бірінші рет кірген кезде не әкімші құпиясөзді ауыстырғаннан кейін цифрлық жүйе пайдаланушыдан құпиясөзді ауыстыруды сұрайды, бұл ретте аталған рәсімді жою мүмкін болмайды. Бұл ереже құпиясөзді қолдану мерзімі туралы ережеден басым болады;

7) пайдаланушы цифрлық жүйеде күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт белсенді болмаған жағдайда, оның есептік жазбасы автоматты түрде бұғатталады;

8) қате құпиясөзді қатарынан бес рет енгізген кезде пайдаланушының есептік жазбасы уақытша бұғатталады;

9) пайдаланушы 30 (отыз) минуттан артық белсенді болмаған кезде, цифрлық жүйе пайдаланушының жұмыс сеансын автоматты түрде аяқтайды не пайдаланушының аутентификациялық деректерін енгізген кезде ғана жұмыс станциясын немесе бұғаттан шығару мүмкіндігі бар ноутбукты бұғаттайды.

28. Қорғалатын ақпаратты жою тасымалдағыштың түріне байланысты ақпаратты жоюдың мынадай әдістерінің кез келгенін пайдалана отырып, оны қалпына келтіруді болдырмайтын әдістермен жүргізіледі:

1) ақпарат тасымалдағышты нақты жою;

2) ақпарат тасымалдағышқа электромагниттік әсер ету (магниттік тасымалдағыштар үшін);

3) электрондық ақпаратты мамандандырылған бағдарламалық құралдармен бағдарламалық жою.

29. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында цифрлық жүйенің жүйелік уақытын эталондық уақыттың орталықтандырылған дереккөзімен синхрондау қамтамасыз етіледі.

30. Цифрлық жүйелерді әзірлеу және пысықтау өнеркәсіптік пайдалану ортасында жүзеге асырылмайды.

31. Цифрлық жүйені әзірлеуді жүзеге асыратын қызметкерлердің цифрлық жүйенің өзгерістерін өнеркәсіптік ортаға көшіруге, сондай-ақ өнеркәсіптік ортадағы цифрлық жүйеге әкімшілік қол жеткізуге өкілеттіктері жоқ.

32. Цифрлық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізер алдында оның әдеттегі тәртіп бойынша орнатылған қауіпсіздік теңшеулері киберқауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін теңшеулерге өзгертіледі. Бұл теңшеулер тестілеу кезінде қолданылатын құпиясөздерді ауыстыруды, сондай-ақ барлық тестілік есепке алу жазбаларын жоюды қамтиды.

33. Артықшылықты есептік жазбалардың пайдаланылуын бақылау:

1) цифрлық жүйе (операциялық жүйе, дерекқорды басқару жүйесі, қосымша) әкімшілерінің тізбесін жасау және бекіту;

2) цифрлық жүйені басқару функцияларын орындау және (немесе) артықшылықты есепке алу жазбаларының пайдаланылуын бақылаудың арнайы кешендерін енгізу кезінде қосарланған бақылауды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

34. Цифрлық жүйелердің эталондық бастапқы кодтары (бар болса) және орындалатын модульдері сақталатын бағдарламалық қамтылымның қорғалған депозитарийі цифрлық жүйелердің орындалатын модульдерінің жұмыс қабілеттілігін уақтылы қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін түрде жүргізіледі.

35. Цифрлық жүйе техникалық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі, оның құрамына цифрлық жүйенің жаңартуларын, оның ішінде қауіпсіздік жаңартуларын ұсыну қызметтері кіреді.

36. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында цифрлық жүйенің аудиторлық ізінің ұйымдастырушылық және техникалық деңгейде енгізілуі және өзгермеуі қамтамасыз етіледі.

37. Цифрлық жүйеде аудиторлық ізді жүргізу функциясы қолданылады, ол мыналарды көрсетеді:

1) цифрлық жүйедегі қосылуларды орнату, идентификаттау, аутентификаттау және авторизациялау оқиғалары (сәтті және сәтсіз);

2) қауіпсіздік теңшеулерін түрлендіру оқиғалары;

3) пайдаланушылар топтарын түрлендіру оқиғалары және олардың өкілеттіктері;

4) пайдаланушылардың есептік жазбаларын және олардың өкілеттіктерін түрлендіру оқиғалары;

5) цифрлық жүйедегі жаңартулардың және (немесе) өзгерістердің орнатылуын көрсететін оқиғалар;

6) аудит өлшемдерін өзгерту оқиғалары;

7) жүйелік өлшемдерді өзгерту оқиғалары.

38. Аудиторлық із форматы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) әрекетті жасаған пайдаланушының идентификаторы (логині);

2) әрекеттің жасалған күні мен уақыты;

3) пайдаланушының жұмыс станциясының атауы және (немесе) әрекет жасалған IP (АЙПИ) мекенжайы;

4) әрекет жүргізілген объектілердің атауы;

- 5) жасалған әрекеттің түрі немесе атауы;
- 6) әрекеттің нәтижесі (сәтті немесе сәтсіз).

39. Аудиторлық ізді сақтау мерзімі жедел қолжетімділікте кемінде 3 (үш) айды және архивтік қолжетімділікте кемінде 5 (бес) жылды құрайды.

40. Цифрлық жүйені қорғау үшін лицензияланған вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылым немесе жұмыс станцияларында, ноутбуктерде және мобильді құрылғыларда бағдарламалық ортаның тұтастығын және өзгермеуін қамтамасыз ететін жүйелер пайдаланылады.

41. Пайдаланылатын вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылым мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- 1) белгілі сигнатуралар негізінде вирустарды анықтау;
- 2) эвристикалық талдау (вирустарға тән командаларды іздеу және әрекетін талдау) негізінде вирустарды анықтау;
- 3) қосылған кезде ауыстырмалы тасымалдағыштарды сканерлеу;
- 4) кесте бойынша сканерлеуді іске қосу және вирусқа қарсы базаны жаңарту;
- 5) басқарудың және мониторингтеудің орталықтандырылған консолінің болуы;
- 6) пайдаланушы үшін вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылымның жұмыс істеуін, сондай-ақ вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылымды жаңарту процестерін тоқтату және вирустардың болмауын жоспарлы тексеру мүмкіндігін бұғаттау;

7) виртуалды орталар үшін – вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылыммен виртуалдық орталардың (жүктемені теңдестіру, орталықтандырылған орнату және гипервизор деңгейінде тексеру және басқа да функциялар) кіріктірілген қауіпсіздік функцияларын пайдалану, мұндай мүмкіндіктер болмаған кезде – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында пайдаланатын виртуалды орталарда вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылымды тестілеу туралы өндірушінің растауы;

8) мобильді құрылғылар және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қорғау аясынан тыс пайдаланылатын өзге де құрылғылар үшін желіаралық экрандау функциясы кіріктірілген вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылымды пайдалану.

42. Бағдарламалық ортаның тұтастығы мен өзгермеуін қамтамасыз ететін жүйелерді пайдалану кезіндегі ең қарапайым талаптар мынадай:

- 1) жаңартуды және техникалық қолдауды көздейтін лицензиясы бар бағдарламалық қамтылымның болуы;
- 2) басқарудың және мониторингтеудің орталықтандырылған консолінің болуы;
- 3) соңғы пайдаланушы үшін берілген жүйенің қызмет етуін тоқтата тұру мүмкіндігінің – бұғаттау мүмкіндігінің болуы;
- 4) соңғы құрылғыларға орнату алдында бағдарламалық орта үлгісін вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылыммен тексеру мүмкіндігінің болуы;

5) ұялы құрылғылар үшін және қорғаныс аумағынан тыс қолданылатын басқа да құрылғылар үшін желіаралық экранның болуы.

43. Вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылым пайдаланушының барлық қызмет ету процесін тоқтатуды барынша болдырмайды (кесте бойынша сканерлеу, жаңарту және басқа да процестер). Вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылымды жаңарту тәулігіне 1 (бір) реттен, құрылғыны толығымен сканерлеу – аптасына 1 (бір) реттен артық жүргізілмейді.

44. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында цифрлық жүйе қауіпсіздігінің жаңартуларын уақтылы орнату қамтамасыз етіледі.

45. Маңызды осалдықтарды жоятын цифрлық жүйе қауіпсіздігінің жаңартулары оларды өндіруші жариялаған және таратқан күннен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей орнатылады.

46. Цифрлық жүйені өндірістік ортаға орнатқанға дейін оның жаңартулары тестілеу ортасында сынақтан өтеді.

47. Цифрлық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамсыз ету мақсатында ішкі құжаттарда:

- 1) цифрлық жүйенің тоқтап қалуының ықтималды мерзімдері;
- 2) цифрлық жүйені қалпына келтіру жоспары анықталады.

48. Резервтік орталық болған жағдайда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында:

- 1) резервтік ортаның орналасқан орны;
- 2) бизнес-процестердің, техникалық, бағдарламалық немесе цифрлық жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін басқа құралдардың тізбесі;
- 3) резервтік орталықтағы цифрлық жүйенің жұмысын қалпына келтіру тәртібі;

4) резервтік орталықтағы жұмыстың аяқталғаны туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін өлшемшарттар, мұндай шешімді қабылдау тәртібі, сондай-ақ негізгі орталықта қызмет етудің штаттық режиміне қайтару тәртібі;

5) резервтік орталықтың жұмыс жасауын тестілеуді өткізу тәртібі, кезеңділігі мен сценарийі көрсетіледі.

49. Цифрлық жүйенің қызметін қалпына келтіру процестерінің дайындығын тексеру мақсатында жылына кемінде 1 (бір) рет қалпына келтіру жоспарларына (бұдан әрі – қалпына келтіру жоспарларын тестілеу) сәйкес цифрлық жүйені қалпына келтіруді тестілеу жүргізіліп отырады.

Қалпына келтіру жоспарын тестілеу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры штаттан тыс жағдайдың туындау сценарийінің, қалпына келтірілетін жұмыс процестерінің, қалпына келтіру командасы әрекеттерінің, жұмыстарды жүргізу мерзімдері мен орны бойынша талаптардың сипаттамасын көздейтін әзірлеген және бекіткен бағдарлама бойынша жүргізіледі.

50. Қалпына келтіру жоспарын тестілеу қорытындылары бойынша:

1) тестілеу өткізілген цифрлық жүйе модульдерінің тізбесін;

2) цифрлық жүйені қалпына келтіруге жұмсалған уақытты;

3) қалпына келтіру жоспарының анықталған кемшіліктері мен оларды жою бойынша ұсыныстарды көрсете отырып, тестілеу нәтижелері туралы құжат (хаттама) дайындалады.